

## Біздің балаларымыз немен ойнайды?

Біздің өміріміздегі ең қымбат – балаларымыз. Бұл сөзді толық мағынада ата-ана қуанышын білген адам ғана түсінеді. Біз өз балаларымызды еркелетеміз, ештеңеден, оның ішінде ойыншықтардан, мұқтаж етпеуді қалаймыз. Мұның бәрі, әрине, жақсы, бірақ ол айтарлықтай қауіпті де. Ойсыз ойыншық сатып алып, біз өз балаларымызға қауіп төндіреміз.

Канцероген, формальдегид, фенол, метанол, сынап, қорғасын сияқты зиянды заттар туралы естіген шығарсыз, алайда біз жақсы көретін ойыншықтарда олардың қатысы бар екенін көбі ойламаған да.

Теріс пиғылды өндірушілер балалар, типті кішкентай балалар, ойыншықтарын өндіргенде, құрамында сондай заты көп, арзан шикізатты пайдалынады.

**Фенол** – тері, жоғары дем алу және асқазан-ішек жолдары арқылы тез сіңеді. Бұл тұмау, бас айналу, бас ауру, құсу, ұйқы бұзылу, елтігу мен жиі жүрек соғуына келтіреді. Сонымен қатар, ол баланың иммундық және жүйке жүйесін бұзады да, аллергиялық реакцияларын тудырады.

**Формальдегид** – ащы иісті, су мен спиртте жақсы еритін, түссіз газ, өте улы, қауіпті заттардың бірі болып табылады. Қатты уландырғыш реакциясы бар – құсу, жөтел, ауатамырдың қысылуы. Формальдегидтің, лейкоздың жұтқыншақтың қатерлі ісігі өсумен байланысы дәлелденген.

**Қорғасын** – бұл метал балалар бижутериясының (сақина, білезік, алқа, брошь, мойыналқа және т.б.) құрамына кіреді. Қорғасын арқылы өндірушілер бұйымды күмістей жарқыратады. Осындай әшекейлердің ықтимал қауіптілігі бар, әсіресе, егер бала ойыншықты ауызына салғанда немесе жұтқанда. Қорғасын ағзаға түскенде бала ой қабілетіне жағымсыз әсер тигізеді және бала өліміне келтіреді.

Бала қалағанының бәрін де сатып алу керек емес, өйткені ол әлі кішкентай және өзінің қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін жауапкершілікпен қарай алмайды. Балаларыңызды қорғау үшін, Сіз, ойыншық сатып алғанда түсінушілік таныту тиіссіз: материалды, жабындысы мен бояуын қарау, затбелгідегі таңбасы болуына көңіл аудару, ойыншық бояуының үстінгі беріктігі (қолда қалатын бояу қалдығы) мен иісі болуын тексеру. Ойыншықтың, сәби жұтып алатын ұсақ екжей-текжейлері, өткір шектері және сынып қалатын бөлшектері болмауы тиіс.

Сонымен, ойыншық сатып алғанда қаптамасына назар аударыңыз. Қорапшада тауардың атауы, өндіруші мен оның мекенжайы, техникалық регламентке сәйкестігі, тұтыну қасиеті, өндіру күні, сақтау мерзімі мен жағдайы туралы ақпарат көрсетілу тиіс. Есте сақтаңыз, тұтынушы тауардың қауіпсіздігін растайтын құжатты (сәйкестігі туралы сертификатты) көрсетуге талап етуге құқығы бар. ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 29 бабының 2 тармағына сай, сатушы тұтынушы талабы бойынша тауардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды және оның жиынтығын көрсетуге міндетті. Заңның қарапайым білімдері өзіңізді және жақындарыңызды қорғауға көмектеседі.

**ТҚҚ және мониторинг бөлімінің жетекші маманы Жултаева Д.К.**